

Шахтинск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 6 сәуірдегі III сессиясының № 789/3 "Тіркелген жиынтық салықтың бірыңғай ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының V шақырылған XXVIII сессиясының 2014 жылғы 9 шілдедегі N 1045/28 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 шілдеде № 2705 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 10 мамырдағы № 1515/21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 10.05.2018 № 1515/21 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шахтинск қалалық мәслихатының III сессиясының 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 789/3 "Тіркелген жиынтық салықтың бірыңғай ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-8 -110 тіркелген, 2013 жылғы 25 мамырдағы № 21 "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған), келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Ж. Мамерханова

Мәслихат хатшысы

Ә. Сатова

КЕЛІСІЛДІ

"Шахтинск қаласының

кәсіпкерлік және өнеркәсіп

бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Л. Буравко

2014 жылғы 09 шілде

Қалалық мәслихаттың

2014 жылғы 09 шілдедегі
XXVIII сессиясының
№ 1045/28 шешіміне
қосымша
Қалалық мәслихаттың
2012 жылғы 6 сәуірдегі
III сессиясының
№ 789/3 шешіміне
қосымша

Шахтинск қаласында және маңындағы кенттерде қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге арналған тіркелген жиынтық салықтың бірыңғай ставкаларының мөлшері

№	Салық салу объектісінің атауы	Бір объектіге тіркелген салықтың ставкасы, бір айлық есептеу көрсеткішінде бір айға
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыс ойын автоматы	2
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыс ойын автоматы	3
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер	2
4.	Ойын жолы	17
5.	Карт	6
6.	Бильярд үстелі	7